

"Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының қаулысы 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1554. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау, зейнетақы активтерін бағалы қағаздарға орналастыру кезінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында, "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 02 наурыздағы заңының қабылдануына, рейтингі агенттігі атауының өзгеруіне және "Moody's" рейтинг агенттігінің рейтингтік бағалаулар шкаласының өзгеруіне байланысты, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 6-бабы 2-тармағы 9) тармақшасының, 32-бабы 2-тармағының және 51-бабының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 641-нөмірмен тіркелген Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметін жүзеге асыру қағидаларында (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 2001 ж., 4-том, 207-209-беттер;)

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "50 %-дан кем емес" деген сөздерден кейін ", оның ішінде

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссияланған, айналыс мерзімінің аяқталуына кемінде бір жыл қалған бағалы қағаздарға - кемінде 5 %" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "депозиттеріне" деген сөз "салымдарына (депозиттеріне)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1-тармақтағы "оның депозиттеріндегі" деген сөз "ондағы салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

"(депозиттер)" деген сөз алып тасталсын;

"депозиттік сертификаттарына (депозиттеріне)" деген сөздерден кейін " екінші деңгейдегі бір банктің салымдарына (депозиттеріне) деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а з а т ж о л д а :

"депозит" деген сөз "салым (депозит)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"депозиттің мерзіміне ұқсас инвестициялау кезеңіндегі депозит ставкасының (депозиттік сертификаттың)" деген сөздер "салымның (депозиттің) мерзіміне ұқсас инвестициялау кезеңіндегі салым (депозит, депозиттік сертификат) бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "депозитке (депозиттік сертификатқа)" деген сөздер " салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа) деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "депозитке (депозиттік сертификатқа)" деген сөздер " салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - 2 - т а р м а қ т а :

"депозитке" деген сөз "салымға (депозитке)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"депозиттің" деген сөз "салымның (депозиттің)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 642-нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, 2001 ж., 4-том, 202-206 - б е т т е р ;) :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "40 %-дан кем емес" деген сөздерден кейін ", оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссияланған, айналыс мерзімінің аяқталуына кемінде бір жыл қалған бағалы қағаздарға - кемінде 5 %" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - 1) тармақшада :

"мемлекеттік емес бағалы қағаздарына" деген сөздерден кейін "және шетелдік мемлекеттердің осы Қағидалардың 3-3-тармағының шарттарына сәйкес келетін бағалы қағаздарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"10 %" рәміздері "15 %" рәміздерімен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигацияларына 5 %-дан аспайтын ; " ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

4) ипотекалық облигациялармен қатар, "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне "А" санаты бойынша енгізілген, Қазақстан Республикасы ұйымдарының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына , сондай-ақ қатысушылары "акционерлері" тек қана Қазақстан Республикасының SPV ("Special Purpose Vehicles"/"Арнайы кәсіпорындар") деп аталатын ұйымдары болып табылатын шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға - 45 %-дан кем емес (осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген шектеулермен қоса);

3-1-тармақшадағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - 2 - тармақта :

"IBCA, Duff & Phelps" деген сөздер алып тасталсын;

"Aa" рәміздері "Aa2" рәміздерімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

3-3. Компания шетелдік мемлекеттердің несиелік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "Aa"-дан ("Srandart & Poor's және Fitch" жіктемесі бойынша) немесе "Aa2"-дан ("Moody's" жіктемесі бойынша) төмен емес рейтингтік бағалауы бар бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы.";

5 - тармақта :

"депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Компания "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бастапқы рынокта (оларды орналастыру кезінде) сатып алуға құқылы емес, егер "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрған жағдайда.";

6 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а з а т ж о л д а :

"депозит" деген сөз "салым (депозит)" деген сөзбен ауыстырылсын;

"депозиттің мерзіміне ұқсас инвестициялау кезеңіндегі депозит ставкасының (депозиттік сертификаттың)" деген сөздер "салымның (депозиттің) мерзіміне ұқсас инвестициялау кезеңіндегі салым (депозит, депозиттік сертификат) бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "депозитке (депозиттік сертификатқа)" деген сөздер "салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа) деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "депозитке (депозиттік сертификатқа)" деген сөздер "салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа) деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - 2 - т а р м а қ т а :

"депозитке" деген сөз "салымға (депозитке)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"депозиттің" деген сөз "салымның (депозиттің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап, мына ерекшеліктерді қоспағанда, 15 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енетіндігі белгіленсін:

1) осы Қаулының 1-тармағының 1) тармақшасының үшінші азатжолы және 2) тармақшасының үшінші азатжолы (Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссияланған, айналыс мерзімінің аяқталуына кемінде бір жыл қалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты) 2001 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі;

2) осы Қаулының 1-тармағының 2) тармақшасының сегізінші азатжолы (Қазақстан Республикасы ұйымдарының "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигацияларына қатысты) Ұлттық комиссия Директоратының жеке қаулысымен қолданысқа енгізіледі.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау департаментінің Инвестициялық қызметті реттеу басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол қолданысқа енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің және кастодиан - банктердің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң Т ө р а ғ а с ы

Комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК